Қазақстан Республикасының ІІМ
Басқару академиясы

**ХАТТАМА**
№ 5
Астана қ.
22.01.2026 ж.

Академия управления
МВД Республики Казахстан

**ПРОТОКОЛ**
№ 5
г. Астана
22.01.2026 г.

Ғылыми-әдістемелік және
редакциялық-баспа кеңесінің отырысы

Төраға – О.Т. Сейтжанов
Хатшы – А.М. Алимханова
Қатысқандар: 12 адам (тізімі қоса беріледі).

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. ҚР ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің жаңа құрамын талқылау туралы.

*ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.*

2. Академияның Ғылыми-зерттеу институтының 2026 жылға арналған зерттеу тақырыптары бойынша жұмыс бағдарламаларын талқылау туралы.

*ҒЗИ бастығы полиция полковнигі Э.А. Алимованың баяндамасы.*

3. Академия қызметіне басқа жоғары оқу орындарынан келіп түскен ғылыми зерттеулер нәтижелерін қарау және енгізу туралы.

*ҒЗИ бастығы полиция полковнигі Э.А. Алимованың;*

*ЖООКББФ аға оқытушы-әдіскер, полиция майоры А.Б. Курумбаеваның баяндамасы.*

4. Академияның ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік басылымдарын рәсімдеу тәртібі туралы.

*ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.*

5. Жас ғалымдар кеңесінің жұмысы туралы ережені қарау туралы.

*ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.*

6. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің әртүрлі жағдайларға әрекет ету алгоритмі» әдістемелік ұсынымдарын талқылау туралы.

*ҒЗИ ІІО ҚАЖ проблемаларын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері полиция полковнигі М.К. Нуркенованың баяндамасы.*

**1. ТЫҢДАЛДЫ**:

Кусаинов Ж.Ш. – кадрлық өзгерістерге байланысты ҚР ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің құрамын жаңарту қажеттілігі туралы баяндады. Кеңес құрамына Қоғамдық

Scanned with CamScanner

және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің бастығын және Ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасарын енгізуді қарастыратын бұйрық жобасын таныстырды. Кеңестің жаңартылған құрамын қарауды және мақұлдауды ұсынды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ**:

Сейтжанов О.Т. – енгізілген өзгерістердің негізділігін атап өтті. Ескертулер болмаған жағдайда Кеңес құрамының жобасын мақұлдауды ұсынды.

**ШЕШТІ**:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. ҚР ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің жаңартылған құрамының жобасы мақұлдансын.

3. Белгіленген тәртіппен бекітуге жіберілсін.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:**

Алимова Э.А. – Академияның 2026 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметі жоспарына сәйкес зерттеу тақырыптары бойынша жұмыс бағдарламаларын келісу және бекіту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Сейтжанов О.Т. – зерттеу тақырыптарына тапсырыс берушілермен тығыз іс-қимылды, сондай-ақ барлық жоспарланған іс-шаралардың уақтылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

**ШЕШТІ**:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Тапсырыс берушілермен іс-қимылды және іс-шаралардың уақтылы әрі сапалы орындалуын бақылау қамтамасыз етілсін.

**3. ТЫҢДАЛДЫ:**

Алимова Э.А. – Б. Бейсенов атындағы ҚР ІІМ Қарағанды академиясынан 4 бірлік көлемінде келіп түскен ғылыми-әдістемелік жұмыстар, сондай-ақ оларды Академияның ғылыми-зерттеу қызметіне енгізу мүмкіндігі туралы баяндады.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Сейтжанов О.Т. – ұсынылған материалдарды енгізудің мақсатқа сәйкестігін атап өтті. Ескертулер болмаған жағдайда мақұлдауды ұсынды.

**ШЕШТІ**:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ұсынылған ғылыми-әдістемелік жұмыстарды Академияның ғылыми-зерттеу қызметіне енгізу мақұлдансын.

**4. ТЫҢДАЛДЫ:**

Кусаинов Ж.Ш. – біріңғай талаптарды белгілеуге және басылымдардың сапасын арттыруға бағытталған оқу, ғылыми және оқу-әдістемелік материалдарды рәсімдеу тәртібі туралы баяндады.

Scanned with CamScanner

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Сейтжанов О.Т. – сенбіге дейін құжатты пысықтауды, ғылыми және оқу басылымдары түрлерінің тізбесін ҚР ІІМ 22.01.2016 ж. №52 бұйрығына сәйкес, соның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану мәселелерін ескере отырып толықтыруды тапсырды. Құжатты қайта келісу үшін Кеңес мүшелеріне жіберуді, түскен ескертулер мен ұсыныстарды ескеруді, қол қою арқылы келісуді қамтамасыз етуді тапсырды. 26 қаңтардан кейін құжатты бекітуге ұсынуды жүктеді.

**ШЕШТІ**:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік басылымдарды рәсімдеу тәртібі ескертулер мен нормативтік актілердің талаптарын ескере отырып пысықталсын, оның Кеңес мүшелерімен келісілуі қамтамасыз етілсін.

3. Пысықталған құжат белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынылсын.

**5. ТЫҢДАЛДЫ:**

Кусаинов Ж.Ш. – Жас ғалымдар кеңесі туралы ережемен таныстырды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Мәселені талқылай келе, құжаттың құрылымын пысықтау туралы шешім қабылданды.

**ШЕШТІ**:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже ескертулерді ескере отырып пысықталсын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

**6. ТЫҢДАЛДЫ:**

Нуркенова М.К. – «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің әртүрлі жағдайларға әрекет ету алгоритмі» әдістемелік ұсынымдары туралы баяндады.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Сейтжанов О.Т. – ұсынылған ұсынымдардың полиция қызметкерлерінің кәсіби мәдениеті мен қызметтік іс-қимыл этикасын қалыптастыру бөлігіндегі практикалық маңыздылығын атап өтті. Ескертулер болмаған жағдайда мақұлдауды ұсынды.

**ШЕШТІ**:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Әдістемелік ұсынымдар мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

**Төраға** **О. Сейтжанов**

**Хатшы** **А. Алимханова**

Scanned with CamScanner